

"Тараз" аймақтық сыртқы экономикалық тауар өндірушілері ассоциациясының мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 26 қыркүйек N 1288

"Тараз" аймақтық сыртқы экономикалық тауар өндірушілері ассоциациясының ұйымдық-құқықтық нысанын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлімі) сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне мыналар тапсырылсын:

"Тараз" ассоциациясын белгіленген тәртіппен акционерлік қоғамға айналдырсын;

"Тараз" ассоциациясының балансындағы мемлекет мүлкін акционерлік қоғамның жарғылық қорына енгізу мақсатымен Ассоциацияның негізгі қорларына аудиторлық тексеру және оларды қайта бағалау жүргізісін;

құрылатын акционерлік қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін ұстаушысын айқындасын.

2. "Тараз" аймақтық сыртқы экономикалық тауар өндірушілерінің ассоциациясы туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1990 жылғы 11 қыркүйектегі N 364 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі